

Музей басшысының  
2024 жылғы 07 ақпандасы  
№19 бүйрөгімен бекітілді

Мақат тарихи-өлкетану музейінің сараптамалық қор сатып алу

комиссиясының

### **ЕРЕЖЕСІ**

1. Музей қорына қабылданатын мәдени құндылықтардың тарихи-мәдени,ғылыми,көркемдік және музейлік маңызын анықтау мақсатында сараптама жүргізіледі.
2. Мәдени құндылықтар сараптамасын музей қорына енгізу мақсатында музейдің сараптамалық қор сатып алу комиссиясы жүзеге асырады;
3. Музейдің сараптамалық қор сатып алу комиссиясы (СҚСАК) музей басшысының бүйрөгімен бекітіледі;
4. СҚСАК құрамына музей басшысы,сондай-ақ музейдің білікті мамандары (қажеттілігіне қарай) кіре алады.
5. Қажеттілік туындаған жағдайда мәдени құндылықтарды анықтау үшін бейтарап мамандардың сараптамалық тұжырымдарын алуға болады;
6. СҚСАК қабылданған шешімдер,отырыска оның құрамының 3/2-і қатысса,занды болып табылады. Шешім СҚСАК отырысына қатысқан мүшелердің басым дауысына байланысты қабылданады. Дауыс тең түскен жағдайда шешімді СҚСАК төрайымы қабылдайды.
7. СҚСАК мүшелерінің жазбаша түрде берілген ерекше пікірлері хаттамаға қоса тігіледі.
8. Шешімді дауыс беруге тек СҚСАК мүшелері құқылы. Шақырылған кенесшілер мен сарапшылардың кеңестер беруге ғана құқықтары бар.Олар дауыс беруге қатынаспайды.
9. СҚСАК шешімі отырыска қатысқан әрбір комиссия мүшесінің және шақырылған тұлғалардың тегі, есімі,әкесінің аты,күн тәртібі,шешімнің дәлелі (аргументі) хаттамада рәсімделеді.

10. СҚСАК отырысы музей жұмысының жылдық жоспарына сәйкес тоқсанына 1 реттен кем емес өткізіледі.

### 11. СҚСАК негізгі міндеттері:

- Анықталған мәдени құндылықтардың сараптамасын жасау;
- Сатып алынған жағдайда олардың құнының бағалануын жүргізу;
- Жаңадан түсken музей заттарын музейдің негізгі және қосалқы қорларға
- Есепке алу, жүргізу құжаттамаларын аудыстыру (қайтадан жазу) қажеттігі және дұрыстығы туралы мәселелерді қарау болып табылады;

### 12. СҚСАК өзінің құзыреті шегінде;

- Өзінің құзырына жататын мәселелер бойынша музей басшылығына хабардар етуге;
- Музей заттарының сақталуын қамтамасыз ету және есепке алу-сақтау жұмыстары бойынша музейдің жеке қызметкерлеріне ұсыныстар беруге және тындауға;
- Музей басшысынан және жеке қызметкерлерден музей заттары бүлінген, сынған, жоғалған себептері туралы жазбаша түсініктеме талап етуге; ұсыныстар енгізуге;
- Музей заттарына сараптама жүргізу үшін қажетті қосымша тұжырым талап етуге, ұсыныстар енгізуге;
- СҚСАК отырысына дұрыс дайындалмаған, сапасыз құжаттарды кері қайтаруға құқылы.

Музей басшысы 

Қ.Айдааралиева

Кор сактаушы



Б.Мукашева

«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ МАҚАТ  
ТАРИХИ-ОЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
КАЗЫНАЛЫҚ ҚОСПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ  
«МАКАТСКИЙ ИСТОРИКО-  
КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ УПРАВЛЕНИЯ  
КУЛЬТУРЫ И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ  
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

## БҮЙРЫҚ

07. 02. 2024 ж.

Доссар кенті

## ПРИКАЗ

№ 19

поселок Доссар

### Кор іріктеу және кор-сатып алу комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы №362 «Мемлекеттік музейлерде кор сатып алу( кор-іріктеу) комиссиясын құру қағидаларын бекіту туралы» және 2016 жылғы 13 мамырдағы №129 «Қазақстан Республикасының музей корын қалыптастыру және күтіп ұстасу қағидаларын бекіту туралы» бүйректарын басшылыққа ала, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Қоса беріліп отырған «Мақат тарихи-олкетану музейі» КМҚК-на кор іріктеу және кор сатып алу жөніндегі комиссия ережесі бекітілсін.

2.«Мақат тарихи-олкетану музейі» КМҚК-на кор іріктеу және кор сатып алу комиссиясы төмендегі құрамда құрылсын:

Айдаралиева Құралай Алжанқызы - музей басшысы, комиссия төрайымы  
Сагатова Жаннұр Ерболатқызы - экскурсия жүргізуші, комиссия хатшысы  
Мукашева Бактылы Бектуровна – музейдің қор сактаушысы, комиссия мүшесі

Кожагулова Салтанат – Мақат аудандық Мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы, комиссия мүшесі

Аманиязова Айсулу Алдабергеновна – музейдің бас есепшісі, комиссия мүшесі

Музей басшысы *Дарас* -

Қ.Айдаралиева

